

Қосымша білім беру бағдарламасының паспорты  
«Метрология және сапаны қамтамасыз ету»

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Метрология және сапаны қамтамасыз ету
2	БББ түрі	Minor қосымша бағдарлама
3	БББ мақсаты	Білім алушылардың метрология, сапаны статистикалық бақылау және үдерістерді басқарудың инновациялық әдістері саласында жүйелі білімін және практикалық дағдыларын қалыптастыру. Бағдарлама өнім мен үдерістер сапасын қамтамасыз ете алатын, қазіргі стандарттарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және сапа менеджменті жүйелерін дамытуға шығармашылық тәсілдерді қолдана білетін мамандарды даярлауға бағытталған.
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБШ бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	БББ айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖЖОКБҰ (Бірлескен БББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	<p><b>Қ1</b> – Метрология, өлшеу және стандарттау негіздерін түсіну.</p> <p><b>Қ2</b> – Өнім мен үдерістер сапасын бақылаудың статистикалық әдістерін қолдану дағдылары.</p> <p><b>Қ3</b> – Сапаны қамтамасыз етуде инновациялық әдістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру.</p> <p><b>Қ4</b> – Ұйымдарда сапаны басқарудың шығармашылық элементтерін әзірлеу және қолдану қабілеті.</p>
10	Оқыту нәтижелері	<p><b>ОН1</b> – Метрологиялық принциптерге сүйене отырып, өлшеулердің дәлдігі мен сенімділігін бағалайды.</p> <p><b>ОН2</b> – Өндірістік үдерістерді талдау және сапаны бақылау үшін статистикалық әдістерді қолданады.</p> <p><b>ОН3</b> – Сапа жүйесін жетілдіру үшін инновациялық технологиялар мен ИКТ-ны қолданады.</p> <p><b>ОН4</b> – Сапаны басқарудың тиімділігін арттыру үшін шығармашылық шешімдер әзірлейді және ұсынады.</p>
11	Оқыту түрі	күндізгі
12	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
13	Кредиттер көлемі	15
14	Пәндер туралы мәліметтер	<i>Қосымша 1</i>

*1 Қосымша*

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
<b>Міндетті компонент</b>				
1	Метрология	Пән метрологияның теориялық және практикалық негіздерін, өлшеу бірліктерін, дәлдікті және қателіктерді бағалау әдістерін зерттейді. Өлшеу құралдарын стандарттау, калибрлеу және тексеру туралы білім қалыптасады. Білім алушылар өнім және өндірістік үдерістер сапасын бақылау үшін өлшеулердің бірлігін қамтамасыз ету қағидаларын меңгереді.	5	ОН1, ОН4
2	Өндірістік үдерістер мен өнім сапасын статистикалық бақылау әдістері	Пән деректерді статистикалық талдау, үдерістерді бақылау, бақылау карталарын құру, вариацияларды талдау және статистика негізінде сапаны басқару әдістерін ашады. Білім алушылар үдерістердің тұрақтылығын арттыру және шығарылатын өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін статистикалық құралдарды қолдануды меңгереді.	5	ОН1, ОН2, ОН4
<b>Таңдау компоненті</b>				
3	Сапаны қамтамасыз етудегі инновациялық әдістер мен ИКТ	Пән сапа жүйелерінде қолданылатын заманауи ақпараттық технологиялар, цифрлық құралдар және инновациялық әдістерді зерттейді. Білім алушылар цифрландыру, бақылауды автоматтандыру, үдерістерді мониторингтеу, талдау және оңтайландыру үшін ИКТ қолдану мүмкіндіктерін меңгереді.	5	ОН3, ОН4
	Сапаны басқарудағы креативті менеджмент негіздері	Пән сапаны басқарудағы шығармашылық тәсілдер, инновациялық ойлауды дамыту және стандартты емес шешімдер іздеу әдістері туралы түсінік қалыптастырады. Білім алушылар жүйелердің тиімділігін арттыру үшін идеяларды генерациялау, жетілдіру құралдарын және инновацияларды енгізу әдістерін меңгереді.		
<b>Барлығы:</b>			<b>15 кредит</b>	